

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. – э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. – э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. – ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Ә.Б. – э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешекономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

ISBN 978-601-301-521-7

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

2. Винокуров, Г.М. Государственная поддержка сельскохозяйственных предприятий в России и зарубежных странах / Г.М. Винокуров, П.В. Тренченков, Ю.Д. Монгуш // Управление экономическими системами. – 2014. - № 6.
3. Глотова, И.С. О повышении продовольственной независимости в Евразийском экономическом союзе/ И.С. Глотова, Е.А. Винтовкина // Экономика сельского хозяйства России. – 2015. - № 2. – с. 85-90.
4. Договор о Евразийском экономическом союзе. (г. Астана, 29.05.2014)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.О. Рыспекова, А.Б. Учкампинова, А.С. Өтепбергенов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан

Шетел инвесторлары Қазақстанның кең ішкі нарығы есебінен пайда табуға, оның табиғи байлығына, білікті және арзан жұмыс күшіне тәуелді. Сондықтан да біздің мемлекетіміз алдында келесідей маңызды міндет тұр: жеке ынтаны жоғалтпай қоғамдық мақсаттарға жету үшін экономикалық реттеу шараларын бағыттай отырып шетел капиталын елге тарту. Қазақстан экономикасына кең көлемді шетел инвестицияларын тарту халықтың жоғары сапалы өмірімен сипатталатын өркениетті, әлеуметтік бейімделген қоғам құру секілді ұзақ мерзімді мақсаттарды көздейді. Ал шетел капиталы Қазақстанға ғылыми-техникалық прогреске және алдыңғы қатарлы басқару тәжірибесіне жетуге мүмкіндік береді [1,2,3].

Кез келген мемлекетке шетел инвестициясының келуі, сондай-ақ олардың тиімділігі жағымды инвестициялық ортаның болуымен анықталады. Тікелей және қоржынды шетел инвестициясының экономикаға құйылуы ұлттық бағалы қағаздар нарығын дамытуға, сонымен қатар елдің заңнамалық базасын жетілдіруге, тікелей және қоржынды шетел инвестицияларын құқықтық негізде реттеуге байланысты болады [4].

Қай елде болмасын инвестицияның келуі инвестициялық климат дәрежесіне және оны анықтайтын факторларға тікелей байланысты болады. Инвестициялық климатты дайындау шетелдік инвестицияларды тарту мен пайдалану саясатының негізгі міндеттері болып табылады. Себебі, біріншіден, инвестициялық климат шетелдік инвестицияларға әсер ететін факторларды анықтауға; екіншіден, мемлекеттегі жағадйларды тереңірек бағалауға; үшіншіден, шетел субъектілерінің мінез-құлықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Инвестицияны мемлекеттік қолдаудың бір әдісі ретінде қызметінің басты бағыты ұлттық экономиканы әртараптандыруға көмектесуге бағытталған мемлекеттік қаржы институттары арқылы жобаларды қаржыландыруды атап

айту керек. Ел экономикасын диверсикациялауды жеделдетуге мен аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуінде Қазақстанның 7 макроаймақтарында өз қызметін жүзеге асыратын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялармаңызды рөл атқарады.

Осындай бірлестіктердің көмегімен шетел компаниялары қазақстандық серіктестіктерінің қатысуымен шетел технологиялар мен отандық шикізаттарды қолдана отырып шығаралатын өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыратындай Қазақстанда бірлескен кәсіпорындарды құруға мүмкіндік алады [5].

Неге Қазақстан, шетелдік инвесторларға тартымды?

1. Саяси тұрақтылық және қолайлы инвестициялық климат: саяси институттарға үлкен сенім деңгейі және инвесторлар құқығын

Қорғауы; бизнесті жүргізу оңтайлығы (Әлемде бизнесті жүргізу бойынша 50

шы орында, 22-шы орын – инвесторларды қорғау құқығы және 18-шы орын – салық төлемі бойынша);

2. Инвестицияларды тартудағы аумақтық деңгейі және шетел инвестицияларын қорғау: корпорациялық салық тартымдылығы (20%) және төмен ҚҚС (12%); фискалдық және фискалдық емес жеңілдіктер, ЕЭА қоса; макроэкономикалық көрсеткіш тұрақтылығы: ЖІӨ; төменгі сыртқы қарыздар; бюджеттік дефицит; инфляция деңгейі

Бірінші бөлімде айтып кеткендей шетел инвестицияларын тартудағы негізгі факторлар бойынша ҚР қазіргі таңдағы макроэкономикалық көрсеткіштер төбедегідей [6].

Кесте 1 - Қазақстан Республикасының шетел инвестицияларын тартудағы негізгі үлесі

Көрсеткіштер	2012	2013	2014	2012-2014	2012-2014 Өсім/түсім млн. АҚШ долл	
	млн. АҚШ долл	млн. АҚШ долл	млн. АҚШ долл	млн. АҚШ долл	+, -	%
Сыртқы қарыз, млн. АҚШ долл	136 918,2	149 895	155 155,6	441 968,8	18237,4	113%
ТШИ, млн. АҚШ долл	28 885	24 012	23 888	76 785	-4997	83%
Шетел инвестициясының жалпы соммасы, млн. АҚШ долл	163 326,9	171 797,8	177 898,4	513 023,1	14571,5	109%
Е с к е р т у – автор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құраған						

2012-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының шетел инвестицияларын тартудағы негізгі үлесі 2014 жылы Қазақстан

Республикасының сыртқы қарызы 115 115,6млрд. АҚШ долларын құрады. 2012-2014 жылдар аралығында сыртқы қарыздың көлемі 441 968,8 млрд. АҚШ долларын құрады және 2012 жылмен салыстырғанда 18 237,4 млрд. АҚШ долларға (113%) өсті. 2014 жылы Қазақстан Республикасына тартылған тікелей шетел инвестиция көлемі 23 888 млрд. АҚШ долларын құрады. 2012-2014 жылдар аралығында тартылған тікелей шетел инвестиция көлемі 76 785 млрд. АҚШ доллар болды. 2012 жылмен салыстырғанда тікелей шетел инвестиция көлемі 4 997 млрд. АҚШ долларға түсті (83%). 2012-2014 жылдар аралығында тартылған шетел инвестициясының жалпы көлемі 513 023,1 млрд. АҚШ долларын құрады. 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда шетел инвестицияның жалпы көлемі 14 571,5 млрд. АҚШ долларға өсті. (109%)


Қазақстан Республикасының 2012-2014 жылдар аралығындағы шетел инвестицияларының салыстырмалы үлесі 3-ші кестеде көрсетілген, осы кестеге сәйкес 2012-2014 жылдар аралығында шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 513 023,1 млрд. АҚШ долларын құрады

Кесте 2 - Қазақстан Республикасының 2012-2014 жылдар аралығындағы шетел инвестицияларының салыстырмалы үлесі

Көрсеткіштер	2012		2013		2014		2012-2014		2014/2012 өсім/түсім млн. АҚШ долл +, - %	
	млн. АҚШ долл	%	млн. АҚШ долл	%	млн. АҚШ долл	%	млн. АҚШ долл	%		
Барлығы	16332 6,9	100	17179 7,8	100	177898, 4	100	513023 ,1	100	+1457 1,5	109
Тікелей инвестицияла р	28 885	17,7	24 012	14	23 888	13,4	76 785	15	-4997	83%
Портфельдік инвестицияла р	62 81 1,8	38,4	72 79 7,6	42,4	76 849, 3	43,2	212 45 8,7	41,4	+1403 8	122
Басқа инвестицияла р	43 36 2,1	26,5	50 27 3,5	29,2	50 661	28,5	144 29 6,6	28,1	+7298 ,9	117
Қор активтері	28 26 8,8	17,4	24 71 5,2	14,4	26 500, 1	14,9	79 484, 1	15,5	- 1768, 7	94
Е с к е р т у – автор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құраған										

Оның ішінде 15%-ы тікелей шетел инвестициясына, 41,4%-ы портфельдік инвестициясына, 28,1%-ы басқа инвестицияларға, 15,5%-ы қор активтеріне тартыды. 2014 жылы шетел инвестициясының жалпы көлемі 2012 жылдан қарағанда 14 471,5 млрд. АҚШ долларына өсті (109%). Тікелей инвестициялар көлемі 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда -4997 млрд. АҚШ долларға кеміді. (83%). Портфельдік инвестициялар 14 038 млрд. АҚШ долларына өсті (122%). Басқа инвестициялар 7 298,9 млрд. АҚШ долларына өсті (117%). Қор активтері 1 768,7 млрд. АҚШ долларына (94%) кеміді.

Doing Business 2014 көрсеткіші бойынша Қазақстан «Бизнесті жүргізу» жөнінде 148 мемлекеттің ішінде 50 орынды иеленіп отыр. 2013 жылдан қарағанда үш сатыға көтерілді. Кедендік одақ елдерінің арасынан бірінші орынды алып тұр.



Е с к е р т у – автор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құраған

Сурет 1 - Әлем бойынша «Бизнесті жүргізу» көрсеткіші

Қазақстан тікелей шетел инвестицияларын тарту жөнінде үздік 20 елдің арасынан орын алып тұр. ТМД елдері бойынша 2 орынға ие (1-ші орын - Ресей).

Кесте 3 - Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингісі

Орын	Мемлекет	Балл
1	2	3
1	Швейцария	5,70
2	Сингапур	5,65
3	АҚШ	5,54
4	Финляндия	5,50
...	...	...
50	Қазақстан	4,42
53	Ресей	4,37
76	Украина	4,1

Е с к е р т у – автор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құраған

Қазақстанның Ұлттық Банкінің көрсеткіштері бойынша Қазақстан экономикасына 2012 жылдан 2014 жылға дейін 76 785 млрд. АҚШ долл. тікелей инвестициялары тартылды. 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда тікелей шетел инвестициясы 4 997 млрд. АҚШ долларға төмендеді (83%) . Ең басты инвесторлар Нидерланды, АҚШ, Швейцария, ҚХР, Франция және Ұлыбритания.

2014 жылы Қазақстанға тікелей шетел инвестицияларын тарту көлемі 23,8 млрд. АҚШ долл. құрады.



Е с к е р т у – автор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құраған

Сурет 2 - Тікелей шетел инвестицияларын тарту диаграммасы (млн. АҚШ долл)

Шетелдік инвесторларға қолайлы жағдайлар.

Кедендік баж салығынан босату:

- 1) Инвестициялық келісім бойынша технологиялық құрал жабдықтарды импорттаған кезде босатылады. Бірақ инвестициялық келісім тіркеуінен 5 жыл кем емес.
- 2) Технологиялық қосалқы құрал-жабдықтарды импорттаған кезде кедендік баж салығынан босатылады.

Натуралық гранттар.

Белгіленген активтердің инвестициялық көлемінен 30% кем емес.

Өтеусіз қолданыстар: жер участкілері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар және құрал-жабдықтар, есептеулік техникалар, өлшеу және реттейтін аспаптар, транспорттық құрылыстар, өндіретін және шаруашылық мүліктер.

Республикаға шетел инвестицияларының тартудың перспективалы формалары келесідей: портфельді инвестициялар (акция сатып алу); бірлескен кәсіпорындарды құруға кететін инвестициялар; кәсіпорынды басқаруға алған фирмалардың инвестициялары; кәсіпорындарды өздері иеленуге алған компаниялардың инвестициялары. Шетелден капитал қазіргі уақытта негізінде екі канал арқылы тартылады: үкіметтік кепілдік берілетін халықаралық несие және тікелей инвестициялар.

Қазақстан экономикасына инвестициялау көлемі бойынша басты орында Нидерланды тұр, одан кейін Ұлыбритания, Швейцария және АҚШ. Салалық бөліну бойынша осы инвестициялардың көп бөлігі бұрынғыдай мұнай-газ комплексіне, және түсті металлургияға салынады. Шетел инвесторларының қызығушылығын қара металлургия, энергетикалық кешен, тамақ өнеркәсібі, байланыс және кен қазу өнеркәсібі тартады.

Шетел инвестицияларын тарту мен пайдалану тиімділігі көбінесе елдегі инвестициялық климаттық жағдайына тәуелді болады. Қазақстанның Азиялық аймақтағы стратегиялық орны, бай кен орындары, үлкен ауыл шаруашылық потенциялы сонымен қатар еңбек ресурстарының жоғары білім деңгейі инвестициялық климаттың ерекшеліктеріне жатады.

Шетел капиталын тарту аймақтағы өндіріс кәсіпорындарын дамытуға ынталандырады, ал ірі өндірістік кәсіпорындар бюджетке аударымдардың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Шетел инвестициясын пайдаланудың тұрақты даму жоспарымен қатар ішкі отандық инвесторларды да ұмытуға болмайды. Еліміздегі ең ірі потенциалды инвесторлар ретінде республика тұрғындары бола алады. Қазақстан тұрғындарының инвестициялық потенциялы жеткілікті дәрежеде жоғары.

Қазақстан Республикасына шетел инвестициясын тартуды мемлекеттік реттеу процессін жетілдіру қажет.

Ол үшін:

- сыртқы экономикалық қызметтің жетілуін реттейтін жаңа заңдар мен қаулылар қабылдау керек;

- шетел капиталының көлемдері мен оны қолдану туралы ақпараттың баршаға ашықтығын қамтамасыз ету керек.

Қолайлы инвестициялық жағдай жасау үшін, отандық және шетелдік инвестициялық белсенділіктің күшеюі үшін ұсынылады:

- шетел фирмаларымен бірлескен жобаларға көмек беру және оның шығарылуы мен жүзеге асуына септігін тигізу;

- инвестицияларды өңдеу өнеркәсібінің приоритетті салаларына тарту бойынша жұмысты халықаралық қаржылық ұйымдармен сауда-экономикалық ынтымақтастық жобалары мен бағдарламалары және дамыған елдердің үкіметтерінің мақсаты қарыздары шегінде жалғастыру;

- негізгі капиталға инвестициялауға бағытталған пайда бөлігін салық салудан босату

Әдебиеттер тізімі

1. Көшімова М.Ә., Аманиязова Г.Д. Кәсіпорынның инвестициялық қызметі. - Алматы: Экономика, 2011. -258б.
2. Кадрова Н.Н., Макенова А.А., Әбуова Ж.М. Инвестицияларды қаржыландыру және несиелеу. - Алматы, ТОО «Print-S», 2011. – 570 бет
3. Асилова А.С. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу. - Алматы: Экономика, 2011. – 280 бет
4. <http://invest.gov.kz/> Invest in Kazakhstan
5. <http://www.kaznexinvest.kz/> АО «Kaznex Invest»
6. <http://www.stat.kz/> Қазақстан Республикасының статистика агенттігі

7. <http://www.kdb.kz/ru/> Қазақстан Республикасының Даму банкі
8. <http://bnews.kz/ru/news/post/205480/>


ЛОГИСТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫҒА ӘСЕРІ

С.Е. Сагидоллаева, Ж.С. Раимбеков

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан

Жаһандану заманында, елді өңірлік дамыту бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылудың негізгі кілті болып табылады. Көптеген елдердің Жалпы Ішкі Өнімнің жоғары бөлігін құрайтын мұнай мен табиғи шикізаттарға бағаның күрт түсуі, өңірлік дамыту мәселесін тереңдетіп қарастыруға жол ашты.

Осы уақытқа дейінгі өңірлік дамыту саясаты халықтың қолайлы өмір сүруі үшін жағдай жасауға негізделді. Өңірлерді дамытудың негізгі басымдықтар Жалпы Өңірлік Өнімді өсіру, (ЖІӨ) үлесіндегі ШОК үлесін жоғарылату, тұрғын үй, сәулет және құрылыс саласындағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, ҚР-дағы жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануға берілді. Солардың ішіндегі негізгілері ретінде «Бизнестің жол картасы 2020», «Қол жетімді тұрғын үй 2020», «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламаларын айтуға болады[1].



Сурет-1 2014 жылғы 9 ай бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге
Дереккөз: ҚР-ң Статистика агенттігі сайты

Бұл суреттен көріп отырғанымыздай, жан басына шаққандағы ЖӨӨ-ң ең жоғарғы деңгейі Атырау облысы(5052,1), Астана қаласы(3009,4) және